

Жатақханадан орын алу үшін өтініш беруге НҰСҚАУЛЫҚ

"Platonus" ААЖ жүйесіндегі жеке кабинетіңізді ашу керек (<https://platonus.kazatu.kz>)

Өтініш беру

Жатақханадан орын беруге өтініш беру үшін "Platonus" жүйесінен: «Жатақхана» бөлімінің «Өтініш беру» пунктін ашасыз;

1-қадам. Өтініш берер алдында жатақхананы жалға алу ережелерімен танысу керек. Ол үшін ашылған өтініш беру парақшасынан «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да білім алушыларға жатақхана беру тәртібі туралы ережесі» сілтемесіне басу қажет.

2-қадам. Ережелермен танысқаннан кейін, өтінішті жасақтау үшін сол беттегі «Құру (Создать)» батырмасын басу керек.

3-қадам. Ашылған беттен «Жатақханадан орын беруге өтініш» деген құжат түрін таңдап, ұялы байланыс телефон нөмірін толтырып, өтініштің мәтінін енгізіп және «Сақтау» батырмасын басасыз. Осыдан кейін жүйе өтінішті сәтті сақтау туралы хабарламаны көрсетеді және қажетті құжаттарды тіркеуге мүмкіндік береді.

4-қадам. Ашылған беттің төменгі жағындағы «қоса берілген құжаттарды (PDF) белгілеу» бөлімінен құжаттарды жүктейсіз (ескерту: қажет болған жағдайда).

5-қадам. Өтінішке қоса тіркейтін құжаттардың жанына белгі қоясыз.

6-қадам. «Файлды жүктеу» батырмасын басу арқылы құжаттардың сканерленген нұсқасын жүктейсіз.

7-қадам. «Мен ұсынған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын растаймын. Жатақханада тұру ережелерімен және шарттарымен, сондай-ақ, тұру ақысын төлеу тәртібімен және мерзімдерімен таныстым және келісемін» деген жолға белгі қоясыз.

8-қадам. Осыдан кейін «Өтінім беру» батырмасын басасыз.

9-қадам. Ашылған тіл қатысу терезесінде өтінішті өңдеуге жіберу әрекетін растайсыз. Жүйе сізге «Жатақханаға орын беру туралы өтініш тексеруге жіберілді» деген ақпараттық хабарламаны көрсетеді.

10-қадам. Беттің жоғарғы жағында «Артқа» сілтемесін басу арқылы өтініш беру бетіне ораласыз.

«Мәртебе-статус» бағанынан талапкер / білім алушы өз өтінішінің қабылдануын бақылай алады.

Өтінішке **«Мақұлданды»** мәртебесі пайда болған кезде, білім алушы **«Жатақхана беру туралы жолдама»** файлын жүктеп алып, көрсетілген жатақханаға баруың керек.